

Бекітемін:
"Қызылжар аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі

АЮПОВ БЕРИК ЕЛЮБАЕВИЧ

Шешім № 395 Күні 18.07.2013

**КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНЫ**

Электрондық сатып алу арқылы конкурс

**«СҚО Қызылжар ауданының Соколовка с. Соколовка орта мектебі ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстары»/
«Капитальный ремонт здания Соколовской средней школы в с. Соколовка Кызылжарского района СҚО»**

Тапсырыс беруші: "Қызылжар аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі, заңды мекенжайы: Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл а.о., Бескөл с., Молодежная 2, нақты мекенжайы: Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл а.о., Бескөл с., Молодежная 2, пошта мекенжайы: Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл а.о., Бескөл с., Молодежная 2, БСН: 670340000048, Банк реквизиттері: "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" ММ, ЖСК: KZ41070103KSN4802000, БСК: KKMFKZ2A, шот валютасы: KZT, КБе: 12.

Тапсырыс берушінің өкілі: **СЫЗДЫКОВА АЛИЯ АМАНЖОЛОВА**, ЖСН: 771115450476, лауазымы: бухгалтер по гос.закупкам, байланыс телефоны: 87153821740, e-mail: KYZYLZHARROO@RAMBLER.RU.

Ұйымдастырушы: "Қызылжар аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі, заңды мекенжайы: Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл а.о., Бескөл с., Молодежная 2, нақты мекенжайы: Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл а.о., Бескөл с., Молодежная 2, пошта мекенжайы: Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл а.о., Бескөл с., Молодежная 2, БСН: 670340000048, Банк реквизиттері: "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" ММ, ЖСК: KZ41070103KSN4802000, БСК: KKMFKZ2A, шот валютасы: KZT, КБе: 12.

Ұйымдастырушының өкілі: **СЫЗДЫКОВА АЛИЯ АМАНЖОЛОВА**, ЖСН: 771115450476, лауазымы: бухгалтер по гос.закупкам, байланыс телефоны: 87153821740, e-mail: KYZYLZHARROO@RAMBLER.RU.

Конкурстық комиссияның хатшысы: **СЫЗДЫКОВА АЛИЯ АМАНЖОЛОВА**, лауазымы: бухгалтер по гос.закупкам, байланыс телефоны: 87153821740, e-mail: KYZYLZHARROO@RAMBLER.RU.

1. Жалпы ережелер

1. Электрондық конкурс қоса берілген лоттардың тізбесіне сәйкес өнім берушіні(лерді) таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Осы конкурстық құжаттама (бұдан әрі - КҚ) мыналарды:

1) осы КҚ-ның 1-қосымшасына сәйкес лоттардың тізбесін;

2) осы КҚ-ның 2-қосымшасына сәйкес белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы, техникалық ерекшеліктерді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаты мен талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасын;

3) осы КҚ-ның 3-қосымшасына конкурсқа қатысуға арналған келісім нысанын;

4) осы КҚ-ның 4, 5-қосымшаларына сәйкес тауарларды беру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер нысанын;

5) Заңның 17-бабының 4-тармағына неғұрлым сапалы тауар, жұмыс, қызмет көрсетуді ұсынатын конкурсқа қатысушыны айқындау мақсатында конкурсқа қатысушыны анықтау кезінде конкурстық комиссия ескеретін міндетті өлшемдердің тізбесін қамтиды;

6) егер, жұмыстарды орындау мерзімі жобалау құжаттамасына сәйкес бір қаржы жылынан асатын болған жағдайда жұмыстарды орындау кезеңдері, түрлері және көлемдері, сондай-ақ әрбір қаржы жылындағы осындай жұмыстарды мемлекеттік сатып алудың сомасы туралы ақпарат қоса беріледі.

7) тауарлар, (жұмыстар, қызметтер) бойынша осы конкурс үшін бөлінген сома 61191640 теңгені құрайды.

Лоттар бөлінісінде осы конкурс үшін бөлінген сома:

Лоттың №	Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы)	Лот бойынша бөлінген сома (теңге)
1	Работы строительные по ремонту здания государственного учреждения	61191640

3. Электрондық конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтініммен қоса тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысу өтінімді қамтамасыз етуді төменде келтірілген нысандардың бірінде енгізеді:

1) **Тапсырыс берушінің** мынадай банктік шотқа орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасын "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" ММ, ЖСК: KZ790705034643305001, БСК: KKMFKZ2A, шот

валютасы: **KZT**.

2) осы КҚ-ның 6-қосымшасына сәйкес банктік кепілдік. Электрондық конкурсқа қатысу өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімнің өзінің мерзімінен кем болмауға тиіс.

2. Ұйымдастырушының веб-порталға қатысушы әлеуетті өнім берушілерге КҚ-ның ережелерін түсіндіруі

4. Веб-порталға қатысушы әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде веб-порталды пайдалана отырып, бірақ **05.08.2013 09:00:00** кешіктірмей КҚ-ның ережелерін түсіндіру жөнінде электрондық сұрау салу жібереді.

5. Ұйымдастырушы КҚ-ны алған веб-порталға қатысушы әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, сұрау салуды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде КҚ-ның ережелерін түсіндіру мәтінін веб-порталда жариялайды.

6. Ұйымдастырушы қажет болған кезде, мерзімнен кешіктірмей **05.08.2013 09:00:00** жеке бастамасы бойынша немесе әлеуетті өнім берушінің сұрауына жауап ретінде КҚ-ға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді. КҚ-ға өзгерістер енгізу КҚ-ны бекітудегі сияқты тәртіппен ресімделеді. Енгізілген өзгерістердің міндетті күші болады және КҚ-ға өзгерістер бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен аспайтын мерзімде КҚ-ны алған веб-порталға қатысушы әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, веб-порталда жарияланады. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі мұндай жағдайда әлеуетті өнім берушілердің электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерде осы өзгерістерді есепке алуы үшін кемінде күнтізбелік он күнге ұзартылады.

3. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар және әлеуетті өнім берушілердің электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынуы

Электрондық конкурсқа қатысуға өтінім

7. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінім осы КҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге) электрондық конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің келісім білдіру нысаны болып табылады.

8. Әлеуетті өнім беруші өтінімді қалыптастыру алдында осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық конкурсқа қатысу туралы келісімді қабылдайды.

9. Электрондық конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға беретін электрондық конкурсқа қатысуға өтінім мыналарды:

1) әлеуетті өнім беруші оның жалпы біліктілік талаптарына сәйкестігін растау ретінде ұсынатын құжаттардың электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған қағаз электрондық көшірмелерін не электрондық құжаттарды:

құқықтық қабілеттілігін (заңды тұлғалар үшін), жеке тұлғалар үшін азаматтық қабілеттілігін (кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгені туралы құжатты, жеке куәлікті):

заңды тұлғалар үшін, заңды тұлға өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайды қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғыны;

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, беруге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын лицензиялар және /немесе патенттер, куәліктер, сертификаттар, дипломдар, басқа да құжаттарды;

заңды тұлғалар үшін электрондық конкурс жарияланған күннен кейін берілген, акция ұстаушылар тізілімінен құрылтайшы құжаттардың (егер жарғыда құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтер қамтылмаған жағдайда) белгіленген тәртіппен қол қойылған және мөрмен расталған, құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын үзіндіні;

төлем қабілетін растайтын құжаттарды:

осы КҚ-ның 7-қосымшасына сәйкес әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі бар әлеуетті берушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, кредиттік серіктестіктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтама (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама электрондық конкурс жарияланған күннен кейін берілген болуы тиіс;

электрондық конкурс жарияланған күннен кейін берілген бір теңгеден кем салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы туралы, үш айдан астам уақыттағы салықтық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегінің (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған кездегі жағдайларды қоспағанда) жоқтығы немесе бар екендігі туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасын қамтуы тиіс.

Әлеуетті өнім беруші, қажет болған кезде электрондық конкурсқа қатысуға өтініммен бірге жүргізілетін мемлекеттік сатып алу сомасының жүз пайызына тең мөлшерде Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше резидент банктерінің банктік кепілдіктері түріндегі шартты орындауды қамтамасыз ету беру арқылы төлем қабілеттілігі туралы жалпы біліктілік талабына сәйкестігін растайды. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін КҚ-да белгіленген мерзімге банктік кепілдік түрінде береді, оның түпнұсқасы электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзіміне дейін беріледі.

Әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде, өзінің, сондай-ақ тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) жалпы біліктілік талаптарына сәйкестігін мынадай құжаттардың электрондық қағаз көшірмелерінің

біреуін:

а) әлеуетті өнім берушіге (қосалқы мердігерге, бірлесіп орындаушыға) халықаралық рейтингтік ұйымның рейтингі берілгенін растайтын құжатты;

б) әлеуетті өнім берушінің (қосалқы мердігердің, бірлесіп орындаушының) биржаның ресми листингіне енгізілгені туралы қор биржасынан үзіндіні беру арқылы растайды.

2) әлеуетті өнім берушінің арнайы біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар:

осы КҚ-ның 4, 5-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер;

осы КҚ-ның 8-қосымшасына сәйкес конкурста сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді және әлеуетті өнім берушінің жұмыстар (құрылыстың құны), қызметтер көлемінің үштен екісінен астам жиынтығында қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қосалқы мердігерлікке беруге тыйым салу шарты.

Егер әлеуетті өнім беруші жұмыстардың не қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларды) тартуды көздеген жағдайда әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) жалпы және арнайы біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынуы тиіс;

3) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарларға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға шығыстарға сапа кепілдігін, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кестесін (әдістерін) және шарттарын сипаттай отырып, техникалық ерекшелігін;

4) Заңда белгіленген мөлшерде электрондық конкурсқа қатысу өтінімін қамтамасыз ету, мынадай:

банктік кепілдік, бұл ретте оның түпнұсқасы ұйымдастырушыға электрондық конкурсқа қатысуға өтінім ұсынудың соңғы мерзіміне дейін конкурстық құжаттаманың электрондық нысанының 6-қосымшасына сәйкес беріледі;

ұйымдастырушының банктік шотында орналасқан кепілдік ақшалай жарнаны растайтын қағаз төлем құжатының электрондық көшірмесі түрінде;

Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер ашылатын күннен бастап 35 күнді құрауы тиіс.

Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

10. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға электрондық құжат нысанында ұсынады.

11. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылатын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері дәл және айқын болуы тиіс.

12. Әлеуетті өнім беруші дайындаған электрондық конкурсқа қатысуға өтінім, сондай-ақ электрондық конкурсқа қатысуға өтінімге қатысты бүкіл хат-хабарлар мен құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалады және беріледі. Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және берген жағдайда оған (нотариалдық расталған) дәл аудармасы қоса беріледі.

Электрондық конкурсқа қатысуға арналған өтінімді беру тәртібі

13. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші веб-порталды пайдалана отырып, ұйымдастырушыға электрондық құжат нысанында береді.

14. Әлеуетті өнім берушілер берген электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдер автоматты түрде веб-порталда электрондық өтінімдер журналында тіркеледі.

15. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінім берген өнім берушіге тиісті хабарламаны веб-порталмен автоматты түрде жіберген сәтте электрондық конкурсқа қатысуға берілген өтінім қабылданған болып есептеледі.

16. Әлеуетті өнім берушінің электрондық конкурсқа қатысуға берген өтінімі мынадай:

1) егер әлеуетті өнім беруші бұрын осы электрондық конкурсқа қатысуға өтінім берген;

2) электрондық конкурсқа қатысуға берілген өтінім электрондық конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін түскен;

3) Заңның 6-бабының 1-тармағының 3), 3-1), 3-2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларында веб-порталдан автоматты түрде кері қайтарылады.

Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды қайтарып алу

17. Әлеуетті өнім беруші өзінің электрондық конкурсқа қатысуға өтінімін конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткенге дейін өзі енгізген қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, өзінің электрондық конкурсқа қатысуға өтінімін өзгертуі немесе қайтарып алуы мүмкін.

18. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу сияқты, оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

19. Ұйымдастырушы КҚ-мен белгіленген электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдердің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей әлеуетті өнім берушілерге олардың өтінімдерінің қолданылу мерзімін нақты уақыт кезеңіне ұзарту туралы қажет болған кезде сұрау салады. Әлеуетті өнім беруші электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдердің қолданылу мерзімін ұзартудан электрондық конкурсқа қатысуға оның өтінімді қамтамасыз етуін қайтару құқығын жоғалтпай, электрондық конкурсқа қатысуға берген өзінің өтінімін кері қайтарып, бас тартуға құқылы.

20. Әлеуетті өнім беруші, оның электрондық конкурсқа қатысуымен байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы) электрондық конкурстың қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

4. Конкурстық комиссияның электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуы

21. **08.08.2013 09:00:00** электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуды веб-портал автоматты түрде жүргізеді. Егер электрондық конкурсқа (лотқа) электрондық конкурсқа қатысу бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда, онда электрондық конкурсқа қатысуға бұл өтінім де ашылады.

22. Конкурстық комиссияның хатшысы электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашудың хаттамасын веб-порталда ашылған күні жариялайды. Бұл ретте веб-портал конкурстық комиссияның мүшелеріне, веб-порталда автоматты түрде тіркелген әлеуетті өнім берушілерге хабарламаны автоматты түрде таратады.

5. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі мәніне конкурстық комиссияның қарауы және әлеуетті өнім берушілерді электрондық конкурсқа қатысуға рұқсат беру

23. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушілердің арасынан біліктілік талаптарына және КҚ талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау және оларды конкурсқа қатысушы деп тану мақсатында конкурстық комиссия жүзеге асырады.

24. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия қажет болған кезде:

1) электрондық конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушілерден электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін электрондық конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерге байланысты материалдар мен түсіндірмелерді жазбаша нысанда немесе веб-портал құралдарымен сұратады;

2) электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда немесе веб-портал құралдарымен сұратады.

Конкурстық комиссияның электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді КҚ талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұратулары мен өзге де әрекеттеріне жол берілмейді. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді КҚ талаптарына сәйкес келтіру деп конкурстық комиссияның электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтыруға, электрондық конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге бағытталған әрекеттері түсініледі.

Конкурстық комиссия электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда электрондық конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, КҚ талаптарына жауап береді деп қарайды.

25. Конкурстық комиссия:

1) жұмыстарды не қызметтерді әлеуетті өнім берушінің және ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжатты (құжаттарды) әлеуетті өнім берушінің ұсынбауы не тиісінше ресімделмеген күйде ұсынуы;

2) әлеуетті өнім беруші оның сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкессіздік, сондай-ақ ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) біліктілік талаптарына сәйкессіздік фактісі анықталуы;

3) біліктілік талаптары бойынша жалған ақпарат ұсынған жағдайларда әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Әлеуетті өнім берушіні Заңның 9-бабының 1-тармағында және Қағидалардың 46 және 47-тармақтарында көзделмеген негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес емес деп тануға жол берілмейді.

Конкурстық комиссия соманың бір пайызынан астам мөлшерде электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілген жағдайда, конкурсқа қатысуға өтінімді енгізілген қамтамасыз етуді осы КҚ талаптарына сәйкес келеді деп таниды.

26. Конкурстық комиссия мынадай жағдайларда енгізілген электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді осы КҚ талаптарына сәйкес емес деп таниды:

1) банктік кепілдік түрінде ұсынылған электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болса;

2) конкурстық комиссияның:

электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлғаны;

қатысу үшін өтінімді қамтамасыз ету енгізіліп отырған электрондық конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың атауын;

банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін және

(немесе) өтінімді қамтамасыз етудің сомасын, сондай-ақ оны ұсыну шарттарын;

электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету пайдасына енгізіліп отырған тұлғаны анықтауына мүмкіндік бермейтін мәліметтердің болмауынан көрініс табатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісінше ресімделмеген;

3) конкурстық өтінімді қамсыздандыруға конкурсқа (лотқа) бөлінген соманың бір пайызынан кем мөлшерде енгізілсе.

Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді енгізілген қамтамасыз етуді өзге негіздер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

27. Электрондық конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушы біліктілік талаптарына сәйкес емес деп айқындалса;

2) Заңның 6-бабының талаптарын бұзса;

3) оның электрондық конкурсқа қатысуға өтінімі КҚ талаптарына сәйкес емес деп айқындалса, оның ішінде, егер ол электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурстық құжаттама мен Қағидалардың талаптарына сәйкес ұсынбаса, электрондық конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы болып танылмайды).

28. Конкурстық комиссия барлық ұсынылған конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру үшін Заңның 17-бабының 4-тармағында санамаланған өлшемдерді ескереді және конкурсқа қатысуға бір конкурстық өтінім ұсынылған жағдайларды қоспағанда, оларды электрондық конкурсқа қатысуға арналған барлық өтінімдерге тең мөлшерде қолданады.

Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды. Шартты жеңілдікті қолдану үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған шарттар мемлекеттік сатып алу туралы шартқа енгізілуі тиіс.

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі электрондық конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қараған кезде конкурстық комиссия осы электрондық конкурста сатып алынатын тауарларды беру, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығында ғана жұмыс тәжірибесін қарайды. Бұл ретте конкурстық комиссия конкурстық өтінімнің бағасын шартты түрде әлеуетті өнім берушінің бір жылдан бастап, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің нарықта болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5%) мөлшерінде, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Бір жылға дейін жұмыс тәжірибесі болған немесе ол болмаған жағдайда осындай пайыз белгіленбейді. Конкурстық өтінімнің шартты бағасына осы өлшемнің жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспауы тиіс.

Конкурстық комиссия пайдалану шығыстарының, сатып алынатын тауарларға техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеудің ең аз құны бар электрондық конкурсқа өтінімді айқындайды және оған екі пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Конкурстық өтінімнің шартты бағасына осы өлшемнің жиынтық пайыздық әсері екі пайыздан аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес отандық тауар өндіруші үшін ұсынылған тауарларды ерікті сертификаттауды жүргізуді растайтын құжат болған кезде конкурстық комиссия екі пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесін сертификаттауды растайтын құжат болған кезде конкурстық комиссия үш пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер жөніндегі мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес қоршаған орта басқармасының сапа менеджменті жүйесін сертификаттауды растайтын құжаты болған кезде және (немесе) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес экологиялық таза өнім стандартына сәйкестігін растайтын құжаты болған кезде конкурстық комиссия екі пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Конкурстық комиссия жеткізілетін тауарларының функционалдық сипаттамалары ең үздік конкурстық өтінім айқындалған кезде, жарты пайыз (0,5%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Конкурстық комиссия жеткізілетін тауарларының техникалық сипаттамалары ең үздік конкурстық өтінім айқындалған кезде, жарты пайыз (0,5%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Конкурстық комиссия жеткізілетін тауарларының сапалық сипаттамалары ең үздік конкурстық өтінім айқындалған кезде үш пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Жергілікті мазмұнның болуын қарау кезінде конкурстық комиссия жергілікті мазмұнның әрбір бір пайызы үшін электрондық конкурсқа қатысу өтінімнің шартты бағасын оннан бір (0,1) пайызға азайтады.

Тауарда жергілікті мазмұнның болуы СТ-KZ нысанды тауардың шығуы туралы сертификатпен расталады.

Егер тауарлардың әлеуетті өнім берушісі сатып алынатын тауардың отандық тауар өндірушісі болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушінің электрондық конкурсқа қатысу өтінімнің бағасын жергілікті мазмұн болғаны үшін он пайызға азайтады.

Жұмыстардың, қызметтердің әлеуетті өнім берушісінің жергілікті мазмұны жалпы еңбекақы қорынан және осы электрондық конкурс (лот) бойынша жұмыстарды, қызметтерді тікелей де, сондай-ақ қосалқы мердігерлік шартын жасасу арқылы да мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау үшін әлеуетті өнім беруші сатып алатын тауардың (тауарлардың) жалпы құнынан Қазақстан Республикасының резиденттері жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу немесе толығымен өндіру өлшемдеріне сәйкес тауардың (тауарлардың) белгіленген қазақстандық шығу тегі үлесінің (үлестерінің) құнынан мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауға жұмылдырылатын Қазақстан Республикасының азаматтарына еңбекақы төлеу құнының пайыздық мазмұны ретінде анықталады.

Конкурстық комиссия отандық тауар өндірушіге он пайыз мөлшерінде, жұмыстарды, қызметтерді отандық жеткізушіге бес пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

29. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) біліктілік талаптарына және КҚ талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысуға жіберілетін (конкурсқа қатысушылар) әлеуетті өнім берушілерді айқындайды;

2) Заңның 17-бабының 4-тармағына сәйкес КҚ-да көзделген шартты жеңілдіктердің мөлшерлерін анықтайды.

30. Электрондық конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды және конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылданған (конкурс қатысушылары деп танылған) күні электрондық конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілердің барлығына автоматты түрдегі хабарламалар тарата отырып, веб-порталда жариялайды. Конкурстық комиссияның электрондық конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешімі Заңның 45-бабында белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

6. Электрондық конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарын ресімдеуі

31. Электрондық конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілер (электрондық конкурсқа қатысушылар) конкурстық баға ұсынысын (бұдан әрі - КБҰ) веб-порталды пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында осы КҚ-ға 10-қосымшаға сәйкес береді.

32. Отандық әлеуетті өнім берушілердің КБҰ теңгемен берілуге тиіс.

33. Ұлттық валютада берілмеген КБҰ-н Қазақстан Республикасының валютасына - КБҰ берілген күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгеге веб-портал автоматты түрде қайта есептейді.

34. КБҰ берген өнім берушіге веб-портал тиісті хабарламаны жібергеннен кейін КБҰ қабылданған болып есептеледі.

35. Веб-портал мынадай:

1) конкурс қатысушысы бір және тағы сол конкурсқа (лотқа) біреуден артық КБҰ берген;

2) электрондық конкурсты жүзеге асыруға бөлінген сомадан асып кеткен;

3) конкурстық баға ұсынысы рұқсат беру туралы хаттама жарияланған сәттен бастап, үш жұмыс күнінен кешігіп түскен жағдайларда КБҰ-н қабылдаудан автоматты түрде кері қайтарады.

36. Әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде, КБҰ-н ұсынудың соңғы мерзімі біткенге дейін КБҰ-ны кез келген уақытта өзгертеді немесе қайтарып алады.

7. Конкурстық комиссияның электрондық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалауы мен салыстыруы және конкурс жеңімпазын анықтау

37. Әлеуетті өнім берушілер берген КБҰ туралы мәліметтер автоматты түрде веб-порталда тіркеледі.

38. Электрондық конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні мен уақыты веб-портал электрондық конкурсқа қатысушылардың КБҰ-н бағалау және салыстыруды автоматты түрде жүргізеді:

Қағидаларға сәйкес анықталатын демпингтік баға есептеледі және конкурсқа қатысушының демпингтік болып табылған КБҰ қабылданбайды;

егер бағасы демпингтік болған КБҰ қабылданбағанынан кейін электрондық конкурсқа қатысушылардың екі және одан да көп КБҰ электрондық конкурсқа қатысатын болса, электрондық конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген шартты жеңілдіктерді электрондық конкурстың қабылданған КБҰ-на қатысты қолдану арқылы осы электрондық конкурсқа қатысушылардың шартты бағасын айқындалады;

электрондық конкурсқа қатысушылардың шартты бағасы салыстырылады, ең төмен шартты баға негізінде электрондық конкурстың жеңімпазы анықталады;

КБҰ-лардың шартты бағасы теңескен кезде отандық тауар өндіруші, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің отандық берушісі жеңімпаз болып танылады. Отандық тауар өндірушілердің, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің отандық берушісі жеңімпаз болып танылады. Отандық тауар өндірушілердің, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің отандық берушілерінің КБҰ-ның шартты бағасы теңескен және электрондық конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы тәжірибесі бірдей болған кезде жеңімпаз болып бұрын түскен КБҰ танылады.

39. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб-портал автоматты түрде қалыптастырады және конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен веб-порталда тіркелген әлеуетті өнім берушілердің барлығын электрондық почта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып, жариялайды.

8. Электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару

40. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге енгізілген электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;

2) электрондық конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған. Көрсетілген жағдай электрондық конкурсқа қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды;

3) электрондық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған. Көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған электрондық конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген және электрондық конкурс жеңімпазы КҚ-да көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

5) әлеуетті өнім берушінің электрондық конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткен жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады.

41. Ұйымдастырушы электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) әлеуетті өнім беруші электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алса не өзгертсе және (немесе) толықтырған;

2) электрондық конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті өнім беруші өзінің КБҰ-н белгіленген мерзімде табыс етпесе не кері қайтарып алған;

3) электрондық конкурстың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған;

4) электрондық конкурстың жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған не уақтылы орындамаған жағдайларда қайтармайды.

9. Электрондық конкурс қорытындылары бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт

42. Электрондық конкурстың жеңімпазы деп анықталған әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушіге әлеуетті өнім берушінің электрондық конкурсқа қатысуға өтінімге электрондық көшірме түрінде қоса берілген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерін веб-порталда электрондық конкурстың қорытындыларының хаттамасын жариялаған күнінен бастап, мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғанға дейін бес жұмыс күні ішінде ұсынады.

43. Электрондық конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Заңның талаптарына сәйкес Жұмыстарды (тауарларды / қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт негізінде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалады.

44. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі тиіс.

45. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындауға кепілдік ретінде енгізіледі.

46. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін, мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс төленуі көзделген жағдайды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс төленуі көзделген жағдайда шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы авансқа тең мөлшерде белгілейді, ол мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының кемінде үш пайызы болуы тиіс.

47. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) тапсырыс берушінің банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарнаны;

2) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес банк кепілдігін таңдауға құқылы.

48. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілдік ақша жарнасына тұтастай не бір бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді.

49. Тапсырыс берушінің өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны Заңда көзделмеген мақсатқа пайдалануына жол берілмейді.

50. Тапсырыс беруші енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартта көрсетілген мерзімде немесе өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде өнім берушіге қайтарады.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен аффилирленген тұлғалар кірісіне төлеу фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

51. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты бұзылса, тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

52. Заңның 37-бабының 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларда шарт оны бір қаржы жылынан артық мерзімге жасасу туралы ережелерді қамтуы тиіс.

53. Шарт мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы жағдайларды қамтуы тиіс.

54. Отандық тауар өндірушілермен және жұмыстарды, қызметтерді отандық берушілермен жасалған шартта тауарларды бергені, жұмыстарды орындағаны не қызметтерді көрсеткені үшін алдын ала ақы төлеу және толық ақы төлеу

туралы талап қамтылуы тиіс, бұл ретте толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауы тиіс.

55. Егер әлеуетті өнім беруші Заңда белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шартты тапсырыс берушіге ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, КҚ-да көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған болып танылады.

56. Әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда тапсырыс беруші:

1) ол электрондық конкурсқа қатысуға енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады және уәкілетті органға тиісті мәліметтерді ұсынады әрі мұндай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді;

2) қажет болған кезде, сотқа мұндай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруымен келтірілген шығындардың орнын толтыру туралы талап-арызбен жүгінеді.

Утверждаю:

Государственное учреждение "Кызылжарский районный отдел образования"

АЮПОВ БЕРИК ЕЛЮБАЕВИЧ

Решение № 395 Дата 18.07.2013

**ЭЛЕКТРОННАЯ ФОРМА
КОНКУРСНОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ**

Конкурс посредством электронных закупок

**«СҚО Қызылжар ауданының Соқоловка с. Соқоловка орта мектебі ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстары»/
«Капитальный ремонт здания Соколовской средней школы в с. Соколовка Кызылжарского района СҚО»**

Заказчик: Государственное учреждение "Кызылжарский районный отдел образования", юридический адрес: Казахстан, Северо-Казахстанская область, Кызылжарский район, Бишкульский с.о., с.Бишкуль, Молодежная 2, фактический адрес: Казахстан, Северо-Казахстанская область, Кызылжарский район, Бишкульский с.о., с.Бишкуль, Молодежная 2, почтовый адрес: Казахстан, Северо-Казахстанская область, Кызылжарский район, Бишкульский с.о., с.Бишкуль, Молодежная 2, БИН: 670340000048, Банковские реквизиты: ГУ "Комитет казначейства Министерства финансов РК", ИИК: KZ41070103KSN4802000, БИК: KKMFKZ2A, валюта счета: KZT, КБе 12.

Представитель заказчика: **СЫЗДЫКОВА АЛИЯ АМАНЖОЛОНА**, ИИН: 771115450476, должность: бухгалтер по гос.закупкам, контактный телефон: 87153821740, e-mail: KYZYLZHARROO@RAMBLER.RU.

Организатор: Государственное учреждение "Кызылжарский районный отдел образования", юридический адрес: Казахстан, Северо-Казахстанская область, Кызылжарский район, Бишкульский с.о., с.Бишкуль, Молодежная 2, фактический адрес: Казахстан, Северо-Казахстанская область, Кызылжарский район, Бишкульский с.о., с.Бишкуль, Молодежная 2, почтовый адрес: Казахстан, Северо-Казахстанская область, Кызылжарский район, Бишкульский с.о., с.Бишкуль, Молодежная 2, БИН: 670340000048, Банковские реквизиты: ГУ "Комитет казначейства Министерства финансов РК", ИИК: KZ41070103KSN4802000, БИК: KKMFKZ2A, валюта счета: KZT, КБе 12.

Представитель организатора: **СЫЗДЫКОВА АЛИЯ АМАНЖОЛОНА**, ИИН: 771115450476, должность: бухгалтер по гос.закупкам, контактный телефон: 87153821740, e-mail: KYZYLZHARROO@RAMBLER.RU.

Секретарь конкурсной комиссии: **СЫЗДЫКОВА АЛИЯ АМАНЖОЛОНА**, должность: бухгалтер по гос.закупкам, контактный телефон: 87153821740, e-mail: KYZYLZHARROO@RAMBLER.RU.

1. Общие положения

1. Электронный конкурс проводится с целью выбора поставщика (ов) в соответствии с прилагаемым перечнем лотов.

2. Настоящая конкурсная документация (далее - КД) включает в себя:

1) перечень лотов, согласно приложению 1 к настоящей КД;

